

«D050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шақиева Ботакоз Рахимбековнаның «Қазақстандағы ұлттық біртегілікін қалыптау аясындағы қазақ этникалығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Автордың ұсынып отырған диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы ұлттық қолдатын рефлексиялану жағдайында өзекті болып табылады. Сонымен қатар осы мәселені жан-жақты зерделеу барысында саясаттанулық көзқарас тұрғысынан тақырыпты ашуы аса маңызды шарттардың бірі болып саналады. Қазіргі таңда жандану үрдісі аясында қазақ этносының ұлттық құндылықтарға қайта оралуы тұсында бұл жұмыстың маңыздылығы арта түсетіні сөзсіз.</p> <p>Диссертация тақырыбы ғылымның негізгі даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен өзара ішкі байланысы бар. Солардың біразын атап айтар болсақ ғылыми ізденіс барысында «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы» сияқты заңдар мен бағдарламаларды басшылыққа алуымен ерекшеленеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтында жүзеге асырылған № ВР05236488 «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық біртегілікті қалыптастыру» (2018-2020 жж) бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобалары аясында 2019 жылдың сәуірінде айларында жүргізілген сандық әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне сілтеме жасада отырып жазылды.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жотары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым</p>	

2.	Ғылымға маңыздылығы	Бағатына сәйкес (бағатын көрсету) Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы айрықша айқындалған.			Диссертанттың зерттеу жұмысы және ұсынған тұжырымдары қазақстандық этносаясат ғылымының дамуына өзіннің үлесін қосады деп сенемін. Диссертациялық жұмыста Қазақстанның ұлттық бірлестігінің қалыптасуы аясындағы қазақ этникалылығының алатын орнын анықтау ерекшеліктеріне көшпенді зерттеу жүргізілген. Осы тұрғыда зерттеу тақырыбы қазіргі таңда қазақстандық қоғам үшін өте өзекті және тәжірибелік тұрғыда құнды жұмыс болып табылады. Жұмыстың құндылығы қазіргі саяси ғылымдар шеңберінде ұлттық бірлестік құбылысы қоғамдық ғылымның дамуына өз үлесін қосатындығымен анықталады. Осы орайда Шақсеева Ботақоз Рахымбековнаның «Қазақстандағы ұлттық бірлестіктің қалыптасуы аясындағы қазақ этникалылығы» атты диссертациялық зерттеу жұмысы бүгінгі таңдағы әлеуметтік ғылымдар үшін тын тақырып. Себебі Қазақстандағы ұлттық бірлестіктің қалыптасуы ерекшеліктерін талдаған ғылыми еңбектер жеткілікті болғанымен қазақ этникалылығының ұлттық бірлестікке ықпалын қарастыратын жұмыстар өте аз.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған		4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмысты өзі жазу принципі жоғары деп бағалауда болады. Зерттеу жұмысы дербес орындалған және өзекті тақырыпты қозғаған. Ізденушінің осы жұмысы отандық саясаттану ғылымына және Қазақстанның ұлттық саясатын дамытуда қосатын үлесі зор деп толығымен бағалауда болады. Жұмыстың өзектілігі мен маңыздылығы қазіргі кезеңдегі посткеңестік елдердегі мемлекеттерде ұлттық мәселелер бойынша саяси тұрақсыздық орын алып отырған жағдайда, елімізде ұлттық бірлестік мәселесінің нақты анықталуы халық үшін жалпыға ортақ бірлестікпен жобасын қарастырылуымен сипатталады. Жұмыста қазақ этникалылығының Қазақстанның ұлттық бірлестігінің қалыптасуында орны мен ролі анықталады, сондай-ақ оның қазақстандық қоғам жағдайындағы ерекшеліктері жан-жақты ашылып көрсетіледі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды:			Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық көлемде айқындайды. Докторант диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық бөлімінде ұлттық бірлестік пен қазақ этникалылығы

	<p>2) жартылай айқындалды; 3) айқындалмады.</p>	<p>өзара бір-бірімен байланыстыра отырып тұжырымдамалық әдістер арқылы қарастырады, оның мәнін, құрылымын, пайда болу себептері мен сипаттамаларын, негізгі үрдістерін талдайды. Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуының ерекшеліктері мен кезеңдеріне жан-жақты сараптама жасайды. Осы мәселені зерттеуде алта қойған мақсатқа қол жеткізу үшін конструктивтік, примордиалистік және этносимволизм әдістерін қолданған. Зерттеу жұмысының тәжірибесілік бөлімінде қазақ этникалығының негізгі нышандары ретінде қазақ тілі мен рулық қатынастардың қоғамда алатын ролі мен орнын зерттеген. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде өзінің ойын қорытындылаған және ұсыныстар әзірлеген.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың міндеттері «Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу аясындағы қазақ этникалығы» зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Ізденуші алдына алты міндет қойған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұлттық бірегейлік концепциясын талдаудың негізгі тәсілдерін қарастыру; - «этникалық» терминін талдау мен оның негізгі аспектілерін ашу; - қазақ этникалығының тарихи дамуында батыс және шығыс векторларының ықпалын көрсету; - қазіргі кезеңдегі қазақ этникалығының генеалогиялық параметрлерінің әсерін ашып көрсету; - қазақ тілінің ролі мен мәртебесін және оның жалпы қазақ болмысының қалыптасуына әсерін зерттеу; - қазақ этникалығының трансформациясын қоғамдық сананы жанғырту үрдісінде бағалау. <p>Осылайша, Б.Р. Шақеева ұлттық бірегейлікті қалыптастыру аясында қазақ этникалығын зерттеуде мақсатына жету үшін міндеттерін логикалық түрде құрастырған.</p> <p>Диссертанттың ғылыми жұмысы толық аяқталған диссертациялық ғылым зерттеу жұмысы болып табылады. Жұмыс кіріседен, екі бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Автор өз зерттеуінің бөлімдерін бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бір жүйемен үйлесімді құра білген. Әр</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	

		<p>бөлімнің ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте бағаланып, нақты тұжырымдармен дәйектелген. Б.Р. Шақсеевтің диссертациялық еңбегі құрылымдық жағынан толық аяқталған теориялық және колданбалық маңызы бар ғылыми жұмыс ретінде бағалауға болады. Қарастырылып отырған мәселе бойынша автор ұсынған жаңа шешімдер сыни талдау негізінде салыстыра отырып бағаланды.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қатидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар:</u> 2) талдау жарымдай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сиптемелеріне негізделген</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қатидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа:</u> 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Алынған ғылыми нәтижелер мен қатидаттар толығымен жаңа. Диссертанттың ғылыми жұмысын жүргізу барысында қол жеткізген төмендегі ғылыми жаңалықтарымен негізделді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұлттық бірегейлік феноменін талдауда примордиалистік, конструктивистік және инструменталды концепцияларды біріктіретін компаративтілік көзқарастың өзара байланыстылығы дәлелденді; - «өтпикалық» термині этностық топтың ерекше қасиеттері ретінде мәні ашылып, оның негізгі тіл мен рулық қатынастар сияқты нышандары талданды; - синкретизм негізінде қазақ этносының батыс және шығыс векторының әсерінен өзгеру кезеңдерінің өзіндік классификациясын ұсынды; - рулық-тайпалық қатынастардың қазақтар үшін квазинрайбализм ретіндегі маңызы ашылды; - қазақ тілінің қазақстандық бірегейлікті біріктіруші фактор ретіндегі мәртебесі мен рөлін көтеру үшін күш-жігер мен уақытты талап ететіні анықталды; - Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың тиімді жолы болып ұлттық құрылыстың этномәдени және азаматтық ұстанымдарының біріктірілген формасы мен релевантты синтезі қажет деп ұсынылды. <p>Доқтаранттың зерттеу жұмысын жүргізу барысында қол жеткізген</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары</p>	

	<p>жана болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жана, 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылды); 3) жана емес (25% кем жана болып табылды)</p>	<p>нәтижелері өзара киесімді түрде байланыстырылған. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес келеді, зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негіздеме отырып табысты орындалған. Б.Р. Шақсеваның «Қазақстандағы ұлттық бірестейліктің қалыптасу аясындағы қазақ этникалыты» атты диссертациялық жұмысында көптеген атылышын және орыс тілдеріндегі әдебиеттерге талдау жасаған және зерттеу мәселесі бойынша әртүрлі бағыттар мен парадигмаларды көрсеткен. Әлемдік әдебиеттерге ғылыми-сараптамалық шолу бөлімінде зерттеу мәселелері бойынша әр жақты және әр деңгейлі зерттеулерге теориялық талқылау жасалған және жүргізілген зерттеулерге жоғары деңгейде ғылыми-теориялық негіздеме берген. Зерттеу жұмысының негізділігі және дәлелділігі әдіснамалық және теориялық бағыттармен анықталады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана, 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылды); 3) жана емес (25% кем жана болып табылды)</p>	<p>Диссертант қабылдаған барлық шешімдер жартылай жана және негізделген деп есептеуге болады. Докторлық диссертацияда ғылыми тұрғыдан сарапталған және ғылыми негізге сүйенген практикалық ұсыныстар жасалған, сондықтан ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін мемлекеттік органдар, жоғары оқу орындарының мәселелерін шешуге қолдана алады.</p>
<p>6. Негізгі қорытындыларда мін негізділігі</p>	<p>6. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияда әрбір нәтиженің негізділігі мен сенімділігі көптеген эмпирикалық мәліметтерді өңдеу арқылы дәлелденді. Зерттеудің барлық әдістері қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Алынған нәтижелер талқылау мен зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерде бар мәліметтерді ескере отырып жүргізілді.</p>
<p>7. Қорыта ашықталған негізгі қателіктер</p>	<p>Әр қателік бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қателік дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p>	<p>Іздәнушімен қорытауға төрт тұжырым ұсынылды: 1. Қазақ этникалытының пайда болу көріністерінің идентификациялық стратегияларын анықтау кезінде қазақстандық қоғамдағы пікірді екіге бөліп қарастыруға болады. Осыған сәйкес қазақ этникалыты мен қазақстандық бірестейлікті талдауда кешенді тәсіл жадауаттық сипатта іселенуі тиіс. 2. Қазақ ауылдарында жүргізілген зерттеу нәтижесінде рулық</p>

	<p>7.2 Титулдары ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия, 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>қатынастар адамдардың жеке мүдделері үшін бір-бірімен сенімді және жақын қарым-қатынас орнатуға қолданылатын құралдардың біріне айналып кеткенін көрсетті.</p> <p>3. Салыстырмалы сараптама негізінде алынған мәліметтер бойынша қазақ тілінің қазақстандық қоғамда мәртебесін көтеру үшін өте ұзақ және күрделі кешенді жұмысты қажет ететіні анықталды.</p> <p>4. Қазақ этникалығының өн бойында кездесетін көпвекторлық және бейімделушілік ерекше келбетін бағыс және шытыс мәдениеттерінің ықпалы қалыптастырды. Сондықтан Қазақстан үшін ұлттық бірегейлік мәселесінде этникалық және азаматтық бірегейлік пен көпмәдениеттілік арасындағы тепе-теңдікті тауып, олардың арасында шеберлікпен іс-қимыл жасау маңызды.</p> <p>Зерттеу нәтижелері ҚР ІЖБМ БҒСБК бекіткен тізімге кіретін ғылыми журналдарда (5 мақала) және халықаралық және отандық ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде (6 мақала) орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде апробациядан өтті. Сондай-ақ, 2020 жылы Scopus деректер базасына енген «Central Asia and Caucasus» журналында 1 мақаласы жарияланды (40 процентиль).</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертант зерттеудің мақсатына жетіп, міндеттерін орындау үшін әртүрлі әдістерді кешенді қолдана білген. Ең ауқымды зерттеу Қазақстан бойынша 1800 адамды қамтыған сандық сауалнама болды. Сонымен қатар, әлеуметтанулық-антропологиялық әдістер, атап айтқанда, тереңдетілген сұхбат, фокус-топтық зерттеу сияқты зерттеу әдісі қолданылды. Қазақ этникалығының ежелден бүгінгі күнге дейін қатай өзгергенін түсіну үшін тарихи әдіс қолданылды. Ал ұлттық саясат саласындағы мемлекеттік бағдарламалық құжаттарға, тиісті нормативтік құқықтық актілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалаларға құжаттық әдіс қолданылды.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы және деректерді өңдеу әдістерінің статистикалық өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламаны пайдалана отырып алынды. сандық зерттеу әдісінде компьютерлік технологиялар қолданылды. Мәліметтер базасын өңдеу</p>

	<p>пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәрізге бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысы ұлттық біргейілік пен этникалықтың теориялық тұжырымдамаларын терең жан-жақты талдауға негізделген. Теориялық талдаудан алынған, өзара байланыста және заңдылықтарда анықталған барлық қорытындылар дәлелденген және эмпирикалық зерттеулермен расталған. Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде ҚР ЕЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтында іске асырылған «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық біргейілікті қалыптастыру» (2018-2020 жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері қолданылды. Сонымен қатар, диссертант 2020 жылы Қазақстанның бірнеше ауылында өзі жүргізген әлеуметтік-антропологиялық зерттеулерінің нәтижелерін тиімді пайдалана білген.</p>
	<p>8.4 Мамандық мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әлебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы мамандық мәлімдемелер өзекті және сенімді әлебиеттерге тиісті сілтемелер арқылы расталады.</p>	
	<p>8.5 Пайдаланылған әлебиеттер тізімі әлеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертант зерттеу жұмысында 230 әлебиетке сілтеме жасаған. Ізденуші қолданатын әлебиет көздері өзекті және зерттеу тақырыбын ашады. Бұл мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды, зерттеу әдіснамасын салыстыруға мүмкіндік береді. Қолданылған әлебиеттердің ішінде танымал ғылыми еңбектер, монографиялар, диссертациялар, мақалалар, мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық құжаттар, заңдар бар.</p>	
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық мамандық бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы әлемдік және шет елдік ғылымда бұрыннан талқыланып келе жатқандығын атауға болады. Дегенмен де Қазақстандағы ұлттық біргейіліктің қалыптасуындағы қазақ энциклопедиясының ықпалы алғаш рет терең зерттелуі ғылыми тұрғыда үлкен жаңалығы бар ауқымды еңбек ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге осы ғылыми жұмыстың ең басты ғылыми-теориялық жаңалығы мен мәнділігі ретінде ізденушінің</p>

	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылды? 1) толығымен жанд; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылды); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылды)</p>	<p>адамның салалардағы шетелдік және отандық ғылыми түсініктердің ерекшеліктерін ажыратып көрсеткендігін айтуға болады.</p> <p>Зерттеулер нәтижесінде әзірленген практикалық маңызы бар және оны ұлттық саясат саласындағы бағыттарды жетілдіру үшін тиімді шешімдер қабылдауға болады.</p> <p>Осы диссертацияда алынған нәтижелер мен практикаға арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі оларды практиканың барлық деңгейлерінде қолдануға болады.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Б.Р. Шақееваның зерттеу жұмысының академиялық жазу сапасын жоғары бағалаймын. Диссертацияның тілі мен стили талаптарға сай келеді. Жұмыстың мәтінді логикаға сай құрастырылған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p>

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, Б.Р. Шақееваның «Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу аясында қазақ этникалықты» тақырыбында жазылған диссертациясы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы жағынан ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сай, «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға толығымен сәйкес келеді. Сол себепті Шақеева Ботақоз Рахымбековна «6D050200 - Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайық деп есептеймін.

Ресми рецензенті:
PhD, «Туран» университетінің
«Аймақтану және Халықаралық қатынастар»
кафедрасының қауымдастырылған профессоры



Асылтаева Э.Б. К.00.000
Атырмаш ауданы, «Туран»
университетінің білім және ғылым
саласындағы бақылау комитетінің
кафедрасының профессоры